

Интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы N 13/09 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 мамырда N 8-9-133 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 3 маусымдағы № 21/13 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 03.06.2016 № 21/13 қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.11.12 N 33/15 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмыспен қамтуға қатысуы мақсатында Абай ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін меншік нысанына қарамастан, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.11.12 N 33/15 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Әсем Айтжанқызы Жұніспековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК